СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ЕСІЛ АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ
VI шақырылған XXIX сессиясының
ШЕШІМІ

РЕШЕНИЕ
XXIX сессии VI созыва
МАСЛИХАТА ЕСИЛЬСКОГО РАЙОНА
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

2018 ж. 31 мамыр № 29/154

Явленка селосы село Явленка

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Солтүстік Қазақстан облысының Әділет Департаменті
Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу бөлімі

Нормативтік құқықтық акті 2018 жылғы "11" 06
Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне
№ 4755 болып енгізілді

**Есіл ауданы бойынша**
**жер салығының мөлшерлемелерін**
**арттыру туралы**

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) (одан әрі - Кодекс) 509 бабының 5 тармағына, 510 бабының 1 тармағына, 704 бабының 3 тармағына, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Заңының 50 бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге, Кодекстің 503 бабымен белгіленген Есіл ауданы бойынша жер салығының базалық мөлшерлемелері он есе арттырылсын.

2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге, Кодекстің 704 бабымен белгіленген Есіл ауданы бойынша бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есе арттырылсын.

3. Есіл ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелері Кодекстің 504, 505 және 506 баптарымен белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерінен елу пайызына арттырылсын.

Осы тармақтың ережелері Кодекстің 509 бабында көрсетілген жер учаскелеріне қолданылмайды.

4. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін 3 тармақты қоспағанда, алғашқы рет ресми жарияланған күнінен соң он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Солтүстік Қазақстан облысы**
**Есіл ауданы мәслихатының**
**сессия төрағасы** **Қ.Әбілғазин**

**Солтүстік Қазақстан облысы**
**Есіл ауданы мәслихатының**
**хатшысы** **А.Бектасова**

* Сериялық нөмірінсіз бланк жарамсыз болып табылады
* Бланк без серийного номера недействителен

002151